

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 26 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз сенатор Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые коллеги! На сегодня главным вопросом является повышение эффективности управления в сфере недропользования. На это указывал Глава государства в своем Послании народу Казахстана от 1 сентября текущего года, отметив необходимость модернизации системы управления горнорудным сектором в кратчайшие сроки.

В целях эффективного управления недрами государство в первую очередь должно иметь полное и объективное представление об имеющейся минерально-сырьевой базе. Это необходимо в том числе для прогнозирования потребностей страны в конкретных видах полезных ископаемых и продуктах их переработки.

С января 2024 года в целях единого подхода к определению имеющихся запасов и ресурсов предусмотрен переход на международный стандарт подсчета запасов. Это решение было принято еще в 2018 году. Однако в соответствии с рассматриваемым законом по углеводородам предусмотрен переходной период для внедрения указанных международных стандартов до 1 января 2026 года. Данный перенос необходим для

завершения подготовительных мероприятий с точки зрения национальных интересов страны, ее адаптации в государственное регулирование недрами.

По твердым полезным ископаемым этот вопрос требовал доработки.

В ходе рассмотрения закона в Сенате Парламента принято решение о внедрении международных стандартов подсчета (KazRC) только для новых месторождений твердых полезных ископаемых в целях привлечения инвесторов в геологоразведку. При этом будет обеспечен государственный контроль со стороны уполномоченного органа, с усилением ответственности недропользователей за достоверность геологической информации.

Для старых месторождений, а именно для контрактов и лицензий на добычу твердых полезных ископаемых, заключенных и выданных до 1 января 2024 года, предлагается сохранить функционирование Государственной комиссии по запасам.

В этой связи в закон предлагается внести соответствующие поправки, которые сведены в сравнительную таблицу.

Уважаемые коллеги! С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует не одобрить отдельные статьи Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам недропользования и экологии» и вернуть закон в Мажилис с предложением новой редакции указанных статей закона. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сағындық Есенғалиұлы.

Әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Осыған орай кестеге он бір түзету енгізілген. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы мақұлданды.

Енді Мәжіліс қабылдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған қалған баптар мақұлданды.

Енді заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтару туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заңның жекелеген баптары мақұлданбады және заң олардың жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарылады.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң жер қойнауын пайдалану және экология салаларындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге арналған. Атап айтқанда, заңда жер қойнауын пайдалану бағытындағы инвестициялық тартымдылықты жақсартуға және осы саладағы саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз етуге арналған ережелер бар. Сонымен қатар мемлекеттің мүддесін нығайтатын нормалар да қамтылған.

Сенат мақұлдаған өзгерістер заңның жекелеген ережелерін жетілдіруді көздейді.

Жалпы, бұл заң елімізде жер қойнауын тиімді және үнемді пайдалануға өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет, Құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Глава государства неоднократно подчеркивал, что земля – ключевой фактор аграрного производства.

Как бы мы ни говорили, что Казахстан богат нефтяными ресурсами и полезными ископаемыми, он был, есть и будет аграрной страной. Все ресурсы рано или поздно закончатся, тогда как почва – это нескончаемый ресурс, но убиваемый.

В истории человечества не одна и не две цивилизации погибли в результате того, что не смогли обеспечить устойчивое плодородие почв, используемых в сельском хозяйстве.

При отсутствии должной заботы о почве все сильнее проявляются дефляция, водная эрозия, засоление, снижение содержания гумуса. Все это усугубляется нарушением в агротехнологиях, низкой культурой земледелия и слабыми сельскохозяйственными знаниями товаропроизводителей. Это в совокупности остро обозначило проблему деградации земель, площадь которых в Казахстане составляет более 75 процентов от всей территории. Оставшиеся 25 процентов относительно плодородных почв имеют риск потери этого свойства ввиду генетически обусловленной низкой степенью устойчивости к аэрогенному воздействию.

Даже при должной рекультивации для восстановления слоя почвы всего на 1,5 сантиметра требуется 50 лет, а полное (40 сантиметров) займет до 900 лет.

Средневзвешенное содержание гумуса в почвах снизилось от 0,5 до 1,5 процента, тогда как оптимальная обеспеченность составляет от 3,5 до 5 процентов. Для того чтобы поднять содержание гумуса – основного показателя плодородия почвы, необходимо как минимум 50 лет.

В сложившихся условиях Казахстан идет к значительному снижению плодородия почв. По данным Организации Объединенных Наций, из 280 миллионов гектаров территории Казахстана опустыниванию подвержено 180 миллионов гектаров, или 66 процентов всей площади.

Ежегодный ущерб от деградации пастбищ составляет 900 миллионов долларов, упущенный доход из-за эрозии пашни – 800 миллионов долларов, из-за вторичного засоления – более 400 миллионов долларов.

В Казахстане истощение пашни создает огромные социальные, экономические, экологические проблемы. Поэтому в этих условиях должны быть приняты меры по сохранению и воспроизводству основного ресурса фермеров – плодородия почв, в том числе и фундаментальные, долгосрочные исследования, связанные с состоянием почвенных ресурсов.

Согласно информации Казахского научно-исследовательского института почвоведения и агрохимии имени Успанова во всех областях Казахстана отмечается устойчивая тенденция к снижению в почве содержания гумуса. По результатам последних агрохимических исследований почвы, почвы с низким содержанием гумуса на неорошаемых землях составляют 63 процента, а на орошаемых – 98 процентов.

К сожалению, в последние годы почвоведению в Казахстане уделяется очень мало внимания. Исследования по почве растворились в направлениях «Рациональное использование природных ресурсов» и «Устойчивое развитие АПК».

Нигде никогда не упоминалось слово «почва», ее объединили со словами «земля», «земледелие», хотя именно почвоведы могут определить целевое использование почвенных ресурсов.

До сих пор в республике никак не регламентируется определение почвы, состояния ее плодородия, в отличие от России, Узбекистана, стран Евросоюза, США и Канады.

В связи с этим есть необходимость разработки проекта Закона «Об охране почв», а также принятия долгосрочной Государственной научной целевой программы «Сохранение и восстановление плодородия почв земель сельскохозяйственного назначения, как национального достояния Республики Казахстан, на период 2025 – 2035 годы». Данная программа позволила бы проводить на систематической основе широкомасштабные мониторинговые исследования почвенного покрова с созданием современной почвенно-информационной системы для оперативного и целенаправленного управления почвенными ресурсами.

Всем нам не стоит забывать о важности сохранения плодородия почвы, ведь нация, уничтожающая свою почву, уничтожает себя.

С учетом изложенного прошу рассмотреть вышеобозначенные проблемы и выразить позицию Правительства по данной тематике.

С уважением, депутаты Кузиев, Сатвалдиев, Ниязова, Бөлгерт». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жергенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа бағытталады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Елімізде 1995 жылдан бастап заңнамалық база қалыптасып, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру мен жұмыс істеудің тәсілдері және принциптері өзгерді. 2015 жылы «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заң қабылданды.

Заңда ауыл шаруашылығы кооперациясы бөлігінде барлық негіздер қамтылған, механизмдері де қолжетімді, алайда кооперативтер үшін мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі, кооперацияның ерекшеліктері бөлігінде құзыреттердің болмауы және қатысушылар тарапынан сенімсіздік, дайын өнімді өткізу бойынша сауда компанияларымен әлсіз өзара қарым-қатынастар, ауыл шаруашылығы кооперациясының жаппай дамуының тежеуші факторлары болып отыр.

2017 – 2019 жылдар аралығында республикада 2 мың 840 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылса, қазіргі таңда 3 мың 284 жетті. Аталған кооперативтердің 60 пайызы салық төлемейтін немесе әрекетсіз болып табылған.

Кооперативтердің негізгі проблемасы алғашқы капиталдың жоқтығы, яғни несие ал, сосын бірігіңдер деген концепция мүлдем жұмыс істемейді. Кезінде несие серіктестіктері қалай дамыды? Оның сыры сол алғашқы капиталда болатын. Кооперативтерде дәл осы принципті қолдануы тиіс.

Биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында құрылған ауыл шаруашылығы кооперациялары 400 бірлікті құрап, 100 миллиард теңге бөлінсе, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы 543 ауыл шаруашылығы кооперациясына 370 миллиард теңге қаржы бөлінген.

Бірақ ауыл шаруашылығы кооперативі бойынша іс-шаралардан еліміздегі 268 мың шаруа қожалығы мен 1,5 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылығы тыс қалып отыр. Аталмыш мәселе осы аталған құрылымдар арасында ірілендіру бағытындағы жұмыстың әлсіз жүріп жатқандығын көрсетуде.

Біріншіден, насихаттау жұмысының жүргізілмеуі және «Ауыл аманаты» бағдарламасының мүмкіндіктері толық ашылмағандығы.

Екіншіден, жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері толық қарастырылмағандығы.

Үшіншіден, кооператив пен оның мүшелері үшін салық салу мәселелері толық реттелмегендігі.

Төртіншіден, кәсіпкерлік субъектілерінің өнімді сақтауға арналған қоймаларының жоқтығы, өңірлерде сауда-логистикалық орталықтардың шешілмегендігі.

Көтеріліп отырған мәселелердің аса маңыздылығын ескере отырып, Үкімет тарапына келесі іс-шараларды қарастыру қажет, яғни:

1) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту жұмыстарын жүйелендіру үшін Координациялық кеңес құру;

2) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және Қазақстан Республикасының «Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы» Заңына кооператив мүшелерінің жер учаскесімен өзара жарна ретінде кіру және оның құрамынан шығу тетіктерін жетілдіру

және топырақ құнарлығын сақтау мен қорғауға қатысты талапты күшейту бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) Қазақстан Республикасы Салық заңнамасын жетілдіру шеңберінде кооперативке және оның мүшелеріне қосарланған салық салуды алып тастау немесе жеңілдіктер қарастыру;

4) өнімді сақтау қоймаларын құру үшін «Бәйтерек» ұлттық басқаруы холдингі» акционерлік қоғамы арқылы ауыл шаруашылығы кооперативтеріне несие берудің басқа да жекелеген бағдарламаларын әзірлеу және сауда-логистикалық орталықтарын құру механизмдерін қарастыру;

6) жеке кәсіпкерлерді ынталандыру мақсатында кооперативтік одақтар құру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

7) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің көлік шығыстарын субсидиялау бойынша ұсыныстарды қарау;

8) «Егістен – сөреге» механизмін жан-жақты пысықтап, оларды жетілдіру мәселелерін қарастыру.

Аталған мәселелер бойынша заңнамамен белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап қайтаруыңызды сұраймын».

Сауалдың толық мәтіні жолданады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 26 желтоқсан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану және экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам недропользования и экологии», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (второе чтение)

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі С.Е. ЛҰҚПАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству ЛУКПАНОВА С.Е. .... 1

**Депутат З.П. КУЗИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУЗИЕВА З.П. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 3

**Депутат Ж.Ә. ЖӨРГЕНБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖОРГЕНБАЕВА Ж.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 4

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Əлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы



Г. Молдашева